**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**
**Заң факультеті**
**Қаржы, кеден және экологиялық құқық кафедрасы**
**"6В04205 Юриспруденция мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы "Экологиялық құқық" пәнінен Студенттің өзіндік жұмысқа дайындалу нұсқаулығы**
**3 семестр 2022-2023 оқу жылы**

| Пән коды | Пән атауы | Түрі | Аптасына сағат саны | | | Кредит саны | ECTS |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Лек | Практ | Зертх | | |
| KRZhK1106 | Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы | МК | 1 | 2 | - | 5 | 5 |
| Дәріскер | Айгаринова Гүлнар Тулеухадировна – з.ғ.к., "Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының" профессоры м.а | | | | | | |
| e-mail | 87012178280g@gmail.com | | | | | | |
| Телефоны | ішкі 12-57 | | | | | Дәрісхана | 4 зал |

| | |
|---|---|
| Курстың академиялық презентациясы | Курстың мақсаты: Экологиялық құқықты оқыту мақсаты студенттерде экологиялық заңдарды және оларды іс жүзінде қолдануды және адамзаттық мүддесі үшін қоршаған табиғи ортаны ұтымды пайдалану саясатын жүргізуге қабілеттін қалыптастыру.<br>Пәнді оқу барысында студенттер келесі қабілеттіліктерге ие болады:<br>ҚР-да экологиялық құқықтың қалыптасуы, даму перспективасы мен өркендеуі, экологиялық құқықтың негізгі қайнар-көздерімен танысу,<br>экологиялық қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтың қайнаркөздерін, оның нысаны, мазмұны және заңды күші бойынша мінездемелері мен субординацияларының әртүрлі түсініктерін айқындау және осы туралы студенттердің білім алуы;<br>экологиялық құқықты оқыту кезінде қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды қолдануды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық механизмге, экология, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғауға байланысты сұрақтар бойынша жаңа бағыттар, даму қарқындары мен республикалық заңдарды жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аудару<br>Пәнді оқу барысында студенттер келесі қабілеттіліктерге ие болады:<br>• Нарықтық қатынастар жағдайындағы Қазақстандағы жер заңнамасының қалыптасуы мен дамуын зерттеп оқу;<br>• Жер құқығының негізгі түсініктері, пәні, реттеу әдістерімен мқайнар көздеріменмен танысуы,<br>• Қазақстанның қолданыстағы жер заңнамасы бойынша жеке меншік құқығына жер учаскелерін алу тәртібімен танысу;<br>• Қазақстан Республикасындағы жер қатынастарын мемлекеттік реттеу механизмін қарастыру;<br>• Жер қатынастарын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын билік органдарының құзіреттерін саралау, өзара ара қатынастарын ажырата білу;<br>• Қазақстан Республикасын жер қоры санаттарының құқықтық мәртебесін қарастару<br>• Осы курсты оқу кезінде алынған білімді тәжірибелік жұмыста қолдану дағдысын үйрену. |

| | |
|---|---|
| Пререквизиттер және постреквизиттер | Мемлекет және құқық теориясы; Әкімшілік құқық, Азаматтық құқық, Еңбек құқығы; Аграрлық құқық |
| Әдебиеттер және ресурстар | 1. Байдельдинов Д.Л. Экологическое право Республики Казахстан, Алматы 2005<br>2. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. – Караганда: Арко, 2009. – 472 с.<br>3. Айгаринова Г.Т. Джангабулова Г.Т. Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы. Алматы, қазақ университеті баспасы. 2018 жыл<br>4. Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы. Сызба түрінде Алматы, қазақ университеті баспасы. 2020 жыл<br>5. Стамкулов А.С., Стамкулова Г.А. Земельное право Республики Казахстан. – А., 2005.<br>6. Л.Қ. Еркінбаева, Г.Т. Айғаринова: Қазақстан Республикасының жер құқығы. Оқу құралы. Жалпы және ерекше бөлім. Алматы «Жеті Жарғы» 2010. |
| Университеттің моральды- этикалық құндылықтары контекстіндегі академиялық саясат | Академиялық тәртіп (мінез-құлық) ережесі:<br>1. Әрбір аудиториялық сабаққа төменде берілген кесте бойынша алдын ала дайындалу қажет. Тапсырманы дайындау, сол тақырып талқыланатын аудиториялық сабаққа дейін аяқталуы қажет.<br>2. Үй тапсырмасы пән кестесінде көрсетілгендей бір семестр бойына бөлінеді.<br>3. Көптеген үй тапсырмалары бірнеше сұрақтардан құралады, оларға теориялық материалдарды оқып, дайындалып жауап беруге болады; Теориялық тапсырмалар мен олардың жауаптарын дайындап, оларды үй жұмысының келесі бөлімдеріне пайдалануға болады.<br>Академиялық құндылықтар:<br>1. Семинар сабақтары, СӨЖ өз бетінше жеке орындалып шығармашылық сипатта болуы қажет<br>2. Білім алудың барлық кезеңдерінде плагиат, басқа да әділетсіздікке, көшіруге тыйым салынады. Оқытушыны алдауға және оған құрметсіз қарауға жол бермеу. (ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексі).<br>3. Мүмкіндігі шектеулі студенттер E-mail: 87012178280@gmail.com, 377 33 36 (12-57) телефоны бойынша кеңес ала алады. |
| Бағалау және аттестациялау саясаты | **Критерийлік бағалау:**<br>95% - 100%: A 90% - 94%: A-<br>85% - 89%: B+ 80% - 84%: B 75% - 79%: B-<br>70% - 74%: C+ 65% - 69%: C 60% - 64%: C-<br>55% - 59%: D+ 50% - 54%: D- 49% -25% FX<br>0% -24%: F<br>**Сумамативті бағалау:**<br>Қорытынды бағалауды есептеу формуласы<br>Пән бойынша қорытынды баға= $\frac{РК1+МТ+РК2}{3}$*0,6+0,4ИК= 100 б |

**Оқу пәнінің мазмұнын жүзеге асыру күнтізбесі**

<table>
<tr><td>Апт алар</td><td>Тақырып атауы</td><td>Сағат тар саны</td><td>Макси малды балл</td></tr>
<tr><td colspan="4">1 БЛОК<br>Мақсаты: Студенттерде Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы пәніннің теориялық негіздерін игеруі үшін мәліметтік қор қалыптастыру</td></tr>
<tr><td>4 апта</td><td>1 СӨЖ Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен міндеттері. Экологиялық тәрбие, білім беру, экологиялық ғылыми зерттеулер.</td><td></td><td>25</td></tr>
<tr><td></td><td>Студенттер бұл СӨЖ ге дайындалу барысында келесі сұрақтарға көңіл бөлуі қажет<br>1) жеке тұлғалардың, қоғамдық бірлестіктердің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтары мен міндеттері<br>2) қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері<br>3) экологиялық білім беру мен ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру<br>4) экологиялық білім беру мен ағартудың, мамандардың біліктілігін арттырудың мақсаты және негізгі міндеттері<br>5) экологиялық білім беру мен ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтің ұйымдастырушылық негіздері<br>6) экологиялық білім беру мен ағартуды мемлекеттік қолдау<br>7) экологиялық ғылыми зерттеулердің мақсаттары мен міндеттері<br>8) экологиялық ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары<br>9) экологиялық ғылыми зерттеулерді жүргізуге қойылатын талаптар<br>Тапсыру нысаны – ауызша, сұрақ жауап нысанында өткізіледі. Жоғарғы балл – 25 балл. Студенттің сұрақты толық меңгеріп, жауап бергеніне байланысты қойылады</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>Барлығы</td><td></td><td>25</td></tr>
<tr><td></td><td>2 БЛОК<br>Мақсаты: Студенттерде қоршаған ортаны қорғау қатынастарын мемлекеттік реттеудің құқықтық механизмін меңгеру үшін мәліметтік қор қалыптастыру</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>9 апта</td><td>2 СӨЖ Экологиялық құқық бұзушылық мәселелері бойынша сот процесін дайындау</td><td></td><td>25</td></tr>
<tr><td></td><td>Студенттер бұл СӨЖ ге дайындалу барысында келесі сұрақтарға көңіл бөлуі қажет<br>1) Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы.<br>2) Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрылымы. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің түрлері.<br>3) Экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік.<br>4) Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік.<br>5) Экологиялық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауапкершілік.<br>6) Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін азаматтық құқықтық жауапкершіліктің түсінігі және түрлері.</td><td></td><td></td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 7) Экологиялық зиянның түсінігі мен түрлері.<br>8) Табиғи ресурстарға келтірілген зиянды өтеудің тәртібі.<br>9) Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін басқа экологиялық жауапкершіліктің түрлері.<br>10) Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау туралы дауларды қарау және шешу тәртібі.<br>Нысаны: Экологиялық құқық бұзушылық мәселелері бойынша сот процесін дайындау түрінде өткізіледі. Студенттер қосымша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің, Қазақстан Республикасының Адамматтық кодексін, азаматтық іс жүргізу кодексін, және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексін меңгеруі қажет.<br>Жоғарғы балл – 25 балл. Студенттің сұрақты толық меңгеріп,сот процессіне белсенді қатысқанына байланысты қойылады | | |
| | Барлығы | | 25 |
| | **3 БЛОК**<br>**Мақсаты: Студенттерде Қазақстан Республикасының қоршаған орта объектілерінің құқықтық жағдайын толық игеру үшін мәліметтік қор қалыптастыру** | | |
| 14 апта | **3 СӨӨЖ . Халықаралық экологиялық-құқықтық конвенцияларды құқықтық талдау** | | 25 |
| | Студенттер бұл СӨЖ ге дайындалу барысында келесі сұрақтарға көңіл бөлуі қажет<br>1) Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғаудың түсінігі және жалпы сипаттамасы.<br>2) Халықаралық табиғатты қорғау объектілері мен субъектілері.<br>3) Табиғи ортаны қорғау саласындағы халықаралық келісімдер, конвенциялар, шарттар, қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық мемлекеттік-құқықгық механизмі.<br>4) Қоршаған ортаны халықаралық қорғауға Қазақстан Республикасының қатысу нысандары.<br>Тапсыру нысаны – жазбаша, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық құқықтық шарттар мен конвенциялардың мазмұнына талдау жасап, 12-15 бет кқлемінде реферат жазуы нысанында өткізіледі.<br>Жоғарғы балл – 25 балл. Студенттің сұрақты толық меңгеріп, реферат мазмұнында халықаралық құқықтық шарттар мен конвенциялардың мазмұнын ашып бергеніне байланысты қойылады | | |
| | **БАРЛЫҒЫ** | | **75** |
| | **Емтихан** | | **100** |

Оқытушы ________________________________ Айгаринова Г.Т.

Декан _______________________________________Байдельдинов Д.Л.

Зав. кафедрой _________________________________Жатканбаева А. Е.

Әдістемелік
бюро төрағасы ______________________________Урисбаева А.А.